	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау - дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама

## ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ — ДАЙЫНДАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША ОӘБ ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Алматы қ.

№ 8

6 желтоқсан 2019 жыл

ОӘБ төрағасы Нургожин Т.С.

ОӘБ тең төрағасы Сыдықова С.И.

ОӘБ атқарушы басшысы Ахметов В.И.

### КҮН ТӘРТІБІ


1. ДСДРО сараптамасының нәтижелері бойынша ҚР БЖҒМ РОӘК мөртаңбасын беру үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын бекіту туралы есеп.
2. 2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» РББ 005 орындау есебі.
3. 2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды дамыту стратегиясын» іске асыру бойынша жол картасы нәтижелілігінің негізгі көрсеткіштері бойынша есеп.
4. Әр түрлі.
  - 4.1 ЖБТ форматы шеңберіндегі ОӘБ қызметі.
  - 4.2 Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау.

### 1-сұрақ.

ДСДРО сараптамасының нәтижелері бойынша ҚР БЖҒМ РОӘК мөртаңбасын беру үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын бекіту туралы есеп.

### ТЫҢДАЛДЫ:

ДСДРО білім беру және ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В. ДСДРО сараптамасының нәтижелері бойынша ҚР БЖҒМ РОӘК мөртаңбаларын беру үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтары бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын бекіту туралы

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау - дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама

есеп берді (презентация қоса беріледі). Пікірталасқа медициналық ЖОО , ҚР ДСМ ҒЖАРД өкілдері қатысты.

### **ШЕШІМ:**

1.1 ҚР БжҒМ РОӘК мөртаңбасын жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің білім беру бағдарламалары үшін оқулықтар рецензенттерінің тізілімін жүргізуге қойылатын талаптарды әзірлеу, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің білім беру бағдарламалары үшін оқулық басылымдары саралансын, орындау мерзімі - а.ж. 30 желтоқсанға дейін, жауапты - ДСДРО Білім және ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В.

1.2 ЖОО - дарына ҚР БжҒМ РОӘК мөртаңбасымен жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі медициналық білімнің білім беру бағдарламалары үшін оқулықтар шығару жоспары үшін ұсыныстар берілсін, орындау мерзімі - а.ж. 30 желтоқсанына дейін, жауаптылар - ЖОО ректорлары.

### **2-сұрақ.**

2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» РББ 005 орындау есебі.

### **ТЫҢДАЛДЫ:**

«АМУ» КЕАҚ кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау орталығының басшысы Серікпаева А.А. 2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» РББ 005 іске асыру нәтижелері туралы баяндады (презентация қоса беріледі). Пікірталасқа медициналық ЖОО, ҚР ДСМ ҒЖАРД өкілдері қатысты.


### **ШЕШІМ:**

2.1 2019 жылы 005 «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» бағдарламасы Республикалық бюджеттің іске асырылуы туралы ақпарат назарға алынсын..

2.2 ЖОО – на а.ж. 9-11 желтоқсан аралығында кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі НҚА жобаларын талқылау үшін ҚР ДСМ ДСДРО өкілдері іс-сапарға жіберілсін, жауаптылар – ЖОО-ның ректорлары.

2.3 ҒЗИ, ҒО а.ж. 11 желтоқсанда кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі НҚА жобаларын талқылау бойынша дөңгелек үстелге қатысу үшін ҚР ДСМ ДСДРО өкілдері іс-сапарға жіберілсін, жауаптылар - ұйым басшылары.

2.4 ЖОО — на РББ 005 «Денсаулық сақтау ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау» жоспарлау және іске асыру

	<b>«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ</b> <b>НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ</b> <b>С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»</b>	
	Денсаулық сақтау - дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама
		Редакциясы: 1 4 беттің 3 беті

бойынша ұсыныстар берілсін, орындау мерзімі — а.ж. 13 желтоқсанына дейін, жауаптылар - ЖОО ректорлары.

### **3 - сұрақ.**

2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды дамыту стратегиясын» іске асыру бойынша жол картасы нәтижелілігінің негізгі көрсеткіштері бойынша есеп.

#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

ДСДРО Білім және ғылымды дамыту орталығының басшысы Койков В.В. 2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды дамыту стратегиясын» іске асыру бойынша жол картасы нәтижелілігінің негізгі көрсеткіштері бойынша есеп берді (презентация қоса беріледі). Пікірталасқа медициналық ЖОО, ҚР ДСМ ҒЖАРД өкілдері қатысты.

#### **ШЕШІМ:**

3.1 2019 жылға арналған «Денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды дамыту стратегиясын» іске асыру бойынша жол картасы нәтижелілігінің негізгі көрсеткіштері бойынша есеп назарға алынсын.

3.2 ЖОО - на «Денсаулық сақтау саласындағы адами ресурстарды дамыту стратегиясын» іске асыру бойынша жол картасы нәтижелілігінің индикаторлары бойынша ұсыныстар берілсін, орындау мерзімі - а.ж. 13 желтоқсанына дейін, жауаптылар - ЖОО ректорлары.

### **4 – сұрақ.**

Әр түрлі.

**4.1** ЖБТ форматы шеңберіндегі ОӘБ қызметі.


#### **ТЫҢДАЛДЫ:**

«С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ Ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Академиялық қызмет жөніндегі проректоры ЖБТ форматы шеңберінде Денсаулық сақтау - дайындау бағыты бойынша ОӘБ - нің қызметі туралы ақпаратты ұсынды (презентация қоса беріледі). Пікірталасқа медициналық ЖОО, ҚР ДСМ ҒЖАРД өкілдері қатысты.

#### **ШЕШІМ:**

4.1.1 Жобаларды басқару тобының форматы шеңберінде Денсаулық сақтау - дайындау бағыты бойынша Оқу - әдістемелік бірлестіктің қызметі туралы ақпарат назарға алынсын.

4.1.2 ЖОО - ның Жобаларды басқару тобы шеңберінде іске асырылатын жобалар бойынша ұсыныстары электрондық поштаға

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАК НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д. АСФЕНДИЯРОВА»	
	Денсаулық сақтау - дайындау бағыты бойынша ОӘБ	Хаттама
		Редакциясы: 1 4 беттің 4 беті

[umo.rums.med@gmail.com](mailto:umo.rums.med@gmail.com) жіберілсін, орындау мерзімі - а.ж. 13 желтоқсанына дейін, жауаптылар - ЖОО ректорлары.

#### 4.2 – сұрақ.

Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау.

#### ТЫҢДАЛДЫ:

«ҰТЕО» РҚБ ұйымдастыру және әкімшілік басқару жұмысы басшысының орынбасары Асан О.М. (презентациясы қоса беріледі).

#### ШЕШІМ:

4.2.1 Медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау туралы ақпараты назарға алынсын.

4.2.2 ЖОО-ның медициналық білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларды тәуелсіз бағалау туралы мәселесіне талқылау жүргізілсін және шешімін электрондық [umo.rums.med@gmail.com](mailto:umo.rums.med@gmail.com) поштасына жіберілсін. орындау мерзімі - а.ж. 12 желтоқсанына дейін, жауаптылар - ЖОО ректорлары.

ОӘБ төрағасы



Нургожин Т.С.